

Құрманғазы Амангелдіұлы Садықбеков

автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Сулейман Демирель атындағы университет (СДУ), Қазақстан, Қаскелен қ.,
ORCID: 0009-0005-8844-2026 E-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

**-А, -Е ЖӘНЕ -Ұ, -Ү КӨСЕМШЕ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(МӘМЛҮК ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Түркі тілі тарихында өзіндік орны бар *-а, -е* және *-ұ, -ү* көсемше тұлғалары сонау Орхон жазбаларынан бастап кейінгі қараханит, хорезм, шағатай жазба әдеби тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-а, -е* көсемше жұрнақтарын актив қолданылған деп айта алмаймыз. Дегенмен 6 түрлі мәнде кездестіруге болады. Баяндауыш қызметіндегі етістіктің бір мезгілде болып жатқан амалды білдіру мәні ең актив әрі негізгі қызметі болса, ауыспалы осы шақ мәнінде жұмсалуды ең пассив қызметі екенін көреміз. *-ұ, -ү* жұрнақтары түркі тілінің ешбір дәуірінде актив жұрнақтар қатарында болмаған. Көп жағдайда *-а, -е* формаларының көлеңкесінде қалып отырған. Тіпті XIV-XV ғасырлардан кейін бірте-бірте қолданыстан шығып қалған. *-ұ, -ү* жұрнақтары алғашқы дәуірлерде *-а, -е* жұрнақтарымен жарыса қолданылса, кейінгі дәуірлерде тек *-йұ, -йү* формасында дауысты дыбыстарға аяқталған етістіктерге ғана жалғанған, бара-бара *-а, -е* формасының бір фонетикалық варианты күйіне түскен. Уақыт өте келе жұрнақтың негізі саналатын *-ұ, -ү* дыбыстары элизияға ұшырап, жұрнақтың мағынасы *й* сына дыбысына жылысқан. Бағзы зерттеушілер *-а, -е* және *-ұ, -ү* жұрнақтарын бір-бірінен бөлек жұрнақтар деп қараса, кейбіреуі мағыналары ұқсас синонимдес, енді бірі бір жұрнақтың фонетикалық варианттары деп қарайды. Зерттеу нәтижесінде бұлардың диалектілік параллель формалар екенін аңғардық. Яғни *-ұ, -ү* және *-а, -е* диалектілік параллельдер болып табылады.

Түйін сөздер: мәмлүк қыпшақ ескерткіштері; көсемше жұрнақтары; түркі тілі; фонетикалық варианттар; түркі жазба әдеби тілі; шағатай жазба әдеби тілі

Сілтеме жасау үшін: Садықбеков Қ.А. *-А, -е* және *-ұ, -ү* көсемше жұрнақтарының функционалдық-семантикалық ерекшеліктері (мәмлүк қыпшақ ескерткіштері негізінде). *Tiltanyum*, 2025. №4 (100). 36-44-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-36-44>

Курмангазы Амангельдиевич Садықбеков

автор-корреспондент, кандидат филологических наук, профессор,
Университет имени Сулеймана Демиреля (СДУ), Казахстан, г. Каскелен,
ORCID: 0009-0005-8844-2026 E-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

**ФУНКЦИОНАЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
СУФФИКСОВ -А, -Е, -У, -Ү
(НА ОСНОВЕ МАМЛЮКСКО-КЫПЧАКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)**

Аннотация. В истории тюркского языка практически во всех письменных литературных языках встречаются такие деепричастия, как *-а, -е, -ұ, -ү*, начиная с ранних Орхонских надписей и заканчивая поздними Караханидскими, Хорезмскими и Чагатайскими текстами. Трудно сказать, что в языке мамлюкско-кыпчакских памятников деепричастия на *-а, -е* употреблялись активно. Однако они могут встречаться в одной и той же форме в шести различных ситуациях. Мы видим, что в предложении, содержащем действие, выраженное дополнительной информацией, основная роль принадлежит самому действию, тогда как дополнительная информация играет более пассивную роль. Суффиксы *-ұ, -ү* в истории тюркского языка в ряде случаев не выступали как активные суффиксы. Во многих случаях суффиксы *-а, -е* оставались незамеченными. Даже после XIV-XV веков их использование постепенно прекратилось. В ранние периоды конструкции с суффиксами *-а, -е* пользовались успехом, однако в последующие периоды они ограничились формами *-йұ, -йү*, характерными для глаголов, оканчивающихся на гласные. Со временем суффиксы *-ұ, -ү* стали подвергаться элизии, а их значение слилось в звук *-й*. Некоторые исследователи рассматривали суффиксы *-а, -е, -ұ, -ү* как отдельные суффиксы: одни считали их синонимами, другие – фонетическими вариантами одного суффикса. В ходе исследования было обнаружено, что они представляют собой диалектные параллели форм. Таким образом, суффиксы *-а, -е, -ұ, -ү* могут рассматриваться как диалектные параллели.

Ключевые слова: мамлюкско-кыпчакские памятники; суффиксы деепричастия; тюркский язык; фонетические варианты; тюркский письменный литературный язык; чагатайский письменный литературный язык

Для цитирования: Садыкбеков К. А. Функционально-семантические особенности суффиксов *-a*, *-e*, *-y*, *-ü* (на основе мамлюкско-кыпчакских памятников). *Tiltany*, 2025. №4. С. 36-44. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-36-44>

Kurmangazy Sadykbekov

Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Professor,
Suleyman Demirel University (SDU), Kazakhstan, Kaskelen,

ORCID: 0009-0005-8844-2026 E-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

FUNCTIONAL AND SEMANTIC FEATURES OF THE PREPOSITIONAL SUFFIXES *-A*, *-E* AND *-U*, *-Ü* (BASED ON THE MAMLUK KIPCHAK MONUMENTS)

Abstract. In the history of the Turkic languages, such converbal suffixes as *-a*, *-e* and *-u*, *-ü* appear in almost all written literary languages, starting from the early Orkhon inscriptions and continuing to the later Karakhanid, Khwarezmian, and Chagatai texts. It is difficult to say that the converbs *-a*, *-e* were actively used in the Mamluk-Kipchak monuments. However, they can occur in the same form in six different contexts. We observe that in a sentence containing an action expressed by additional information, the main role belongs to the action itself, whereas the additional information plays a more passive role. The suffixes *-u* and *-ü* in the history of the Turkic language did not act as active suffixes in a number of cases. In many instances, the suffixes *-a*, *-e* remained unnoticed. Even after the 14th–15th centuries, their usage gradually ceased. In earlier periods, constructions with the suffixes *-a*, *-e* were common, but in later periods, they were limited to the forms *-yu* and *-yü*, characteristic of verbs ending in vowels. Over time, the suffixes *u* and *ü*, underwent elision, and their meaning merged into the sound *y*. Some researchers considered the suffixes *-a*, *-e* and *-u*, *-ü* as separate suffixes: some regarded them as synonyms, while others treated them as phonetic variants of a single suffix. The study revealed that they represent dialectal parallel forms. Thus, the suffixes *-u*, *-ü* and *-a*, *-e* can be considered dialectal parallels.

Keywords: monuments of Mamluk Kipchak; prepositional suffixes; Turkic language; phonetic variants; Turkic written literary language, Chagatai written literary language

For citation: Sadykbekov, K. Functional and Semantic Features of the Prepositional Suffixes *-a*, *-e* and *-u*, *-ü* (Based on the Mamluk Kipchak Monuments). *Tiltany*, 2025. No.4. P. 36-44. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-36-44>

Кіріспе

Етістіктің түрлену, тұлғалану және сөйлемдегі қолдану қасиеті ерекше, күрделі грамматикалық категорияларының бірі ол – көсемше. Тарихи жазба ескерткіштер мен қазіргі түркі тілдеріндегі көсемшелердің даму және қалыптасу жолдарын, түрлерін, құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, зерделеп түрлі деңгейде еңбектер жазған ғалымдар жетерлік. Олардың қатарында В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, В. Томсен, Г. Рамстедт, А. Габен, С.Е. Малов, Н.Ф. Катанов, А.Н. Кононов, Н.К. Дмитриев, А.М. Щербак, Н. Сауранбаев, Ә. Құрышжанов, Ғ. Айдаров, М. Томанов, М. Оразов сынды шетелдік және отандық түркітанушыларды атап өтуге болады. Жалпы түркі жазба әдеби тілі тарихында өзіндік орны бар *-a*, *-e* көсемше тұлғалары сонау Орхон жазбаларынан бастап кейінгі қараханит, хорезм, кыпшақ, шағатай жазба әдеби тілдерінің барлығында дерлік қолданылған және оларды қазіргі түркі тілдерінде де түрлі мәндерде жиі ұшырастырамыз. Араларындағы негізгі айырмашылық қолданылу жиілігі мен мағыналарындағы азын-аулақ өзгешеліктерінде ғана деуге болады. Мақаламызда біз мамлук кыпшақ тіліндегі *-a*, *-e* және *-y*, *-ü* көсемше жұрнақтарының грамматикалық қызметі мен мән-мағынасын, өзі жалғанған сөздің мағынасына тигізер әсерін, фоно-морфологиялық сипатын және сонау Орхон жазбаларынан бастап, кейінгі дәуірлердегі, сондай-ақ қазіргі түркі тілдеріндегі көріністерімен салыстыра отырып, даму және қалыптасу үдерісін айшықтайтын боламыз.

Материал және әдістер

Тіліміздегі грамматикалық және лексикалық бірліктердің қай-қайсысының болмасын түпкі тамырына үңілген кезде сүйенетін ең негізгі дереккөздің бірі – орта ғасыр жазба ескерткіштері екені даусыз. Себебі тіліміздің тарихи тамырларының бірі кыпшақ тілінің орта ғасырларда өте кең географиялық аумақты қамтығаны, тіпті халықаралық қатынас тілі деңгейіне жеткені белгілі. Ислам әлемінің саяси-мәдени орталығы болған Мысыр және Сирия жерінде құрылған мамлуктер мемлекеті (1260-1517) тұсында да кыпшақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып, сол

дәуірден көптеген құнды жәдігерліктер осы күнге келіп жетті. Мақаламызға арқау болып отырған мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* көсемше жұрнақтарын зерделеуде сүйенетін негізгі дереккөзіміз XIV-XV ғасырда мәмлүктер мемлекетінде жазылып, осы күнге келіп жеткен ескерткіштер болады. Атап айтқанда «Мүниетүл-ғұзат» (Uğurlu, 1984), Аббас ибн Хамза әс-Сабранидің «Китаб әл-Әфғал» аталатын етістіктер сөздігі (Eminoğlu, 2011), «Китаб Муқаддима Әбу-Ләйс әс-Самарқанди» (Садықбеков, 2016), «Китаб фил-фикһ» (Kuanışbayev, 2006) және «Китаб фил-фикһ бил-лисани-түркі» (Ağar, 1989) секілді мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерінің материалдары зерттеу нысанына алынатын болады. Осы ескерткіштер тілінде кездесетін *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* көсемше жұрнақтарын тарихи түркі жазба әдеби тілдері мен қазіргі түркі тілдеріндегі баламаларымен салыстыра отырып, әр қырынан талдап, топшылайтын боламыз.

Зерттеу жұмысы тілдің тарихи дамуын зерттеудің басты әдісі – тарихи салыстырмалы әдіс негізінде жасалатын болады. Осы орайда мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* қосымшаларының өзіндік ерекшеліктерін, тарихи және қазіргі түркі тілдерімен сабақтастық деңгейін айқындау мақсатында ретроспектік, іштей реконструкция тәсілдері және аталмыш жұрнақтың динамикалық даму механизмін айқындау үшін де синхрондық және диахрондық сипаттау әдістері қолданылды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы тілдік зерттеулердегі теориялар және парадигмалар, шетелдік және отандық ғалымдардың мәмлүк қыпшақ тілді ескерткіштер жайындағы пікірлері мен тұжырымдары негізге алынады.

Әдебиетке шолу

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тіліндегі *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* көсемшелерін қарастырмастан бұрын, жалпы бұл қосымшалардың түркі тілі тарихындағы жай-күйіне қысқаша тоқтала кетейік. Түркітануда *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* жұрнақтарын бір жұрнақтың фонетикалық варианттары деп те, екеуі екі басқа, алайда мәндес, яғни синоним жұрнақтар деп те қарайтындар бар. Дегенмен біз жұмысымызда бұл жұрнақтарға жеке-жеке тоқталамыз. Осыдан кейін ғана араларындағы байланысты арнайы талдайтын боламыз. Көне түркі тілінде *-а*, *-е* көсемшелері өзі білдіріп тұрған қимыл-әрекеттің негізгі етістіктің білдіріп тұрған іс-әрекетпен қатар істелгенін білдіреді: *Алтұн йышығ аш-а*, *Ертіш үгүзүг кеч-е йорыдым* (*Алтай тауын аса*, *Ертіс өзенін кеше отырып жүрдім*) (Садықбеков, 2024: 201), (Оразов, 2001: 204). М.А. Ахметов көне түркі тілінде бұл қосымша жалғанған көсемшенің баяндауыш қызметіндегі етістіктің білдіретін амал-әрекеттен бұрын болғандығын және қимылдың орындалу бейнесін де білдіретіндігін айтқан. Алайда бұл жұрнақтың жанама мағыналары болса керек. Сондай-ақ ол негізгі етістіктерге жалғанып *көр-*, *бер-*, *бар-*, *кел-*, *қал-*, *елт-*, *ыд-*, *ұ-* секілді көмекші етістіктердің арасын дәнекерлеп, күрделі етістіктер де құраған: *Түрүк бодұның ілін төрүсін тұта берміш* (*түрік халқының елі мен әдет-ғұрпын қолға алыпты*); *қаңым қаған анча іліг төрүг қазғанып ұча бармыш* (*Қаған әкем осылайша елді, әдет-ғұрыпты орнатып қайтыс болыпты*) т.б.

Қараханит дәуіріндегі түркі тілінде бұл қосымша актив қолданылмағанға ұқсайды. Себебі М. Қашғари сөздігінде бұл қосымшаға арнайы тоқталмайды. Тіпті «Диуани лұғат-ат-түркте» көсемше арнайы грамматикалық категория ретінде қарастырылмайды (Оразов, 2001: 201). Дегенмен оны «Құтадғұ Біліктен» бірсыпыра кездестіруге болады: *себе бақды ерсе өзіні ауыт* (*сүйісініп қараған болса өзіңді жұбат*); *Тақы мінде йігрек сен айғыл ача* (*және менде жақсырақ болса сен ашып айт*) т.б. Сондай-ақ осы дәуірде етістік түбір мен көсемше жұрнағы кірігіп, жымдасып *еуре* (*кейін*), *кесе* (*қысқаша*), *оза* (*алдымен*), *тапа* (*қарай*), *йана* (*тағы*) т.б. секілді үстеу сөздер тобы қалыптасқандығын да көреміз.

Ал Орталық Азия түркі жазба әдеби тілінің алтын дәуірі саналатын шағатай әдеби тілінде бұл жұрнақтың қолданылу жиілігі алдыңғы дәуірлерге қарағанда анағұрлым белсенді болғанға ұқсайды: *Шарұбан гүле гүле келүп деуейі тұрұрды* (*Шарубан күле келіп түйені тұрғызды*); *уә риуаятын һәм алардын артұққым қылғай, қыла алғай* т.б. Сондай-ақ осы дәуірде жұрнақтың қазіргі қазақ тіліндегідей *й* варианты да қалыптаса бастаған. Дауыссыз дыбыстарға аяқталған етістіктерге *-а*, *-е*, ал дауысты дыбысқа аяқталған етістіктерге *-й* формасы жалғана бастаған: *көре*, *ала*, *оқұй*, *алмай* т.б. Бастапқыда дауысты дыбыстарға аяқталған етістіктерге *-йұ*, *-йү*

формасында жалғанып, *й* екі дауысты дыбысты дәнекерлеуші сына дыбыс қызметін атқарған. Кейін *-ұ, -ү* дыбыстарының элизияға ұшырауы салдарынан оның қызметін *й* өзіне алып алған секілді. Тіл тарихында мұндай құбылыстар көптеп кездеседі. Себебі шағатай тілінде өлең жазған кей ақындар өлеңдерінде буын үндестігін сақтау үшін кейде толық нұсқасын да қолданып отырған: *Ки рахмет істейү келдүм хакирәм (Рахметіңді сұрап келген бишарамын)*. Бұл жайында *-ұ, -ү* көсемшелеріне қатысты тағы да арнайы сөз ететін боламыз.

-а, -е көсемше жұрнақтарының қазіргі түркі тілдерінде тарихи жазба ескерткіштер тілімен салыстырғанда қолданылу аясы кеңейген, мағыналық ауқымы да айтарлықтай дамыған. Тек көсемше категориясы жасап қана қоймай, шақ категориясы жасаушы да, негізгі етістік пен көмекші етістікті дәнекерлеуші жұрнақ ретінде күрделі формалар жасауда да өте белсенді қосымша болып табылады. Қазақ тілінен басқа тыва, алтай, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, қарашай-малқар, құмық, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, хакас, саха, чуваш тілдерінде де қолданылады (Balsı, 2012: 186). Алайда олардың қолдану белсенділігі әр тілде әр түрлі. Қазақ тілінде өте белсенді жұрнақтар қатарына жатса, Н. Дмитриев (Димитриев, 1948: 186) пен А. Юлдашев (Юлдашев, 1977: 257) татар және башқұрт тілдерінде бұлар көбіне фразеологиялық оралымдар, фольклор жанрындағы үлгілер мен қос сөздер құрамында ғана кездесетін пассив қосымшалар екенін атап өтеді.

Нәтижелер және талқылау

-а, -е көсемше жұрнақтарының тарихына шолу жасау барысында тарихи ескерткіштер мен түркі тілінің тарихи дәуірлерінің ешқайсысында бірізділікті байқамаймыз. Бір дәуірде пассив қолданылса, ендігі бәр дәуірде актив, тіпті бір дәуірдегі ескерткіштердің бірінде актив, бірінде пассив, енді бірінде мүлдем қолданылмайды. Дәл осы құбылысты біз сөз етіп отырған мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінен де көруге болады. Зерттеу нысанына алынған ескерткіштер арасында «Мүниетүл Гүзат пен Кітаб әл-Әғфалда» біршама актив қолданылса, қалған ескерткіштерде мүлдем кездеспейді. Тек «Кітаб фиғл-фикһ би-лисан түркиде» осы жұрнақпен мағыналас *-ұ, -ү* формалары қолданылған. Бұл жайында кейінірек арнайы тоқталатын боламыз.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *-а, -е* жұрнақтары мынадай мәндерде жұмсалады:

а) *-а, -е* тұлғалы көсемшелер сөйлемнің баяндауышы қызметіндегі етістіктің білдіретін амал-әрекетпен бір мезгілде болған амал-әрекетті білдіреді: КӘ: *сікіре йүруді құш (7а, 9) (құс секіріп жүрді); ақа чықты сұу мыңардын (151а, 4) (бұлақтан су ағып шықты); бұ йыртұқ өте чықты (5б, 3) (бұл жыртық тесіп шықты); аны өпе ікті (оны сылқылдатып ішті)* МГ: *атның йағрынына йапұштыра тұтғыл (19б, 3) (аттың жауырынына жапыстыра ұста); сағ тірсегіңні сағ йаныңа йапұштыра тұтғыл (19б, 8) (оң шынтағыңды оң жағыңа жапыстыра ұста); сен сүңгіні гайб ітгіл кітере білгіл (66б, 8) (сен сүңгілді жоғалт, алыстата біл)* т.б.;

ә) *-а, -е* тұлғалы көсемшелер баяндауыш қызметіндегі етістік білдіретін амал-әрекеттен бұрын болған амал-әрекетті білдіреді. Яғни бірінен соң бірі жүзеге асқан амал-әрекетті байланыстырады. МГ: *Ғарымның іліндін сүңгүсін ала көргіл (қарсыластың қолынан найзасын алып көр); КӘ: Сүзе іктім сұуны (3б, 7) (Суды сүзіп іштім); Күн аша тұтты безек аны (11а, 6) (оны безек күн аса тұтты)* т.б. Алайда бұл мәнде сирек ұшырасады;

б) амал-әрекеттің жүзеге асу бейнесін білдіреді. МГ: *ат үзере қайыша отұрғыл (19б, 9) (ат үстіне майысып отыр); КӘ: Данені ояа йарады (35а, 8) (дәнді ойып жарады)* т.б.;

в) күрделі етістіктерде негізгі етістік пен көмекші етістіктің арасын дәнекерлеуші қызметін атқарады: МГ: *Ғарым сенің сүңгүңні тұтса қоя бермегіл (58б, 2) (қарсыласың сенің найзаңды ұстаса қоя берме); сен бұнларны жеһд ітіп тізче кіче көргіл (60б, 9) (сен осыларға тырысып тезірек өтіп көр); қайсы саңа йақын болса йүгрүп тізче санча көргейсен (63а, 9) (қайсысы саған жақын болса тезірек оны шанышып көр); анын үчүн кім сүңгү ейесі галабалықда іш қыла білмес (64б, 3) (Сондықтан да найза иесі кісі көп жерде жұмыс жасай алмайды); КӘ: Емчегі чықа баилады қыз қарауашның (32а, 2) (қыз кұңнің емшегі шыға бастады)* т.б.;

г) *-а, -е* тұлғалы көсемше қосарланып келіп, амал-әрекеттің ұзақ уақыт жалғасқанын білдіреді: МГ: *һер бір йірде сағ ілің бірле сол ілің ішінде чіке чіке қайтармағыл (31а, 4) (әр жерде оң қолыңмен сол қолыңның ішінде тартып тартып қайтарма); КӘ: Кесті кесе быча бей' (7а, 9) (Сауданы кесіп пішіп кесті); Сапа сапа йүруді түлкі (54а, 4) (Түлкі ирелеңдеп ирелеңдеп жүрді)*

т.б.;

ғ) «Кітаб Әфғалда» бір жерде қазіргі қазақ тіліндегідей ауыспалы осы шақ мәнінде жұмсалған: *Данені ояй ғарады (35а, 8) (дәнді ойып жарады)* т.б.

Біз қарастырып отырған мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-а, -е* көсемше жұрнақтарын актив қолданылған дей алмаймыз. Дегенмен жоғарыда көрсеткен 6 түрлі мәнде біршама кездестіруге болады. Баяндауыш қызметіндегі етістіктің білдіретін амал-әрекетпен бір мезгілде болған амал-әрекетті білдіру мәні ең актив қолданылған, әрі негізгі мағынасы болса, ауыспалы шақ мағынасы ең пассив қолданылған мағынасы екенін көреміз. Сондай-ақ негізгі етістік пен көмекші етістікті байланыстырушы дәнекер қызметінде де жиірек ұшырастырамыз. Жалпы жоғарыда да сөз еткеніміздей түркі тілінің тарихи дәуірлерінде қолданылған жазба тілдердің ешқайсысында дәл қазіргідей белсенді қолданылмаған. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерде де жағдай осылай. Дегенмен жоғарыда көрсеткен 6 түрлі мәні мен қызметі қазіргі түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінен де соншалықты ұзақ емес. Тіліміздің тарихи дамуының бір кезеңінің көрінісі болып табылады.

Түркітануда әлі күнге сыры шешілмеген *-ұ, -ү* көсемше жұрнақтары жайында өте көп пікірлер айтылуда. Мәселе жоғарыда сөз еткен *-а, -е* қосымшаларымен байланысында. П. Мелиоранский бұл екі қосымшаның арасында мағыналық айырмашылық болған десе (Мелиоранский, 1899: 132), көпшілік тілші ғалымдар екеуі мағыналас, арасында айырмашылық болған күннің өзінде ол сезілмейтіндей деңгейде деп қарайды. Тіпті Э. Дилбас бұл жұрнақтарды фонетикалық варианттар ретінде бірге қарастырады (Dilbas, 2017). Бұл екі қосымшаның өздері жалғанған етістіктерге үстейтін мағынасы жағынан ұқсас екендігінде дау жоқ. Дегенмен бұлар бір жұрнақтың әр түрлі фонетикалық варианттары ма, әлде мағынасы ұқсас екі түрлі қосымша ма? Мұның басын ашып алу үшін ең әуелі *-ұ, -ү* қосымшаларының түркі тілінің тарихи дәуірлердегі жай күйіне шолу жасап көрелік.

Көне түркі тілінде бұл қосымша біршама белсенді қолданылған. Тіпті М.А. Ахметов Орхон-енисей жазба ескерткіштері тілінде бұл форманың *-а, -е* көсемшелеріне қарағанда белсендірек, яғни *-а, -е* 34 рет, *-ұ, -ү* 61 рет қолданылған деп көрсеткен (Ахметов, 1978: 43). Демек көне түркі тілінде *-ұ, -ү* жұрнақтары *-а, -е* көсемшелерімен жарыспалы түрде қолданылған, *-а, -е* жұрнақтары секілді негізгі етістік білдіретін іс-әрекет пен көсемшедегі іс-әрекеттің бір уақытта, қатар жасалғанын білдіреді. Етістіктің соңғы дыбысы дауыссыз болса *-ұ, -ү*, дауыстыға аяқталса *-йұ, -йү* формасы жалғанып отырған: *інім Күл тігін бірле екі шад бірле өл-ү йіт-ү қазғантым (Інім Күлтегінмен және екі шадпен бірге өліп талып қол жеткіздім); кейік йі-йү табышқан йі-йү олұрұр ертіміз (кейік жеп, қоян жеп отырған едік)* т.б. Көне түркі тілінде бұл екі көсемшенің жұрнағы бірдей мағынада, тіптен бір сөйлемнің ішінде бірыңғай мүшелерге екеуінің қатар қолданылғанын да көптеп кездестіреміз: *көзде йаш келсе тыд-а, көңүлде сығыт келсер йантұр-ұ сақынтым (көзге жас келсе тиып, көңілге өксік келсе қайтарып аза тұттым); құш оғлы ұч-а кйік оғлы йүгүр-ү азты (құс баласы ұшып, киік баласы жүгіріп адасты)* т.б. Яғни бұдан көне түркі тілінде бұл жұрнақтар мағыналары синонимдес жұрнақтардан да жақынырақ секілді. Сондықтан болса керек Э. Дилбас бұларды бір жұрнақтың фонетикалық варианттары деп қарап, олардың түбірге жалғануын былайша жүйелейді: *Көне түркі тілінде дауыссызға аяқталған бір буынды не жәй етістіктерге немесе к, р дауыссыздарына аяқталатын жұрнақ алған туынды етістіктерге -а, -е формалары, бір буынды жәй етістіктер мен -т жұрнағы жалғанған етістіктерге -ы, -і формалары, дауыссыздарға аяқталған туынды етістіктерге -ұ, -ү формалары, дауыстыға аяқталған етістіктерге -йұ, -йү формалары жалғанады, – дейді (Дилбас, 2017: 2). Егер шынында да мұндай жүйелі болса, ешқандай мәселе болмас еді. Біріншіден, ереже тым күрделі әрі жүйесіз болса, екіншіден, жоғарыда біз берген көне түркі тіліндегі сөйлемдердің өзінен бұл ережеге қайшы келетін қаншама мысалды көруге болады. Яғни *-ұ, -ү* және *-а, -е* жұрнақтары синонимдес жұрнақтардан әлдеқайда жақын, алайда бір жұрнақтың фонетикалық варианттары дейтіндей де бірдей емес.*

-ұ, -ү көсемше жұрнақтары қараханит дәуірінде де *-а, -е* формаларымен жарыспалы қолданылған. Қараханит дәуірінің екі алыбы М. Қашғари мен Ж. Баласағұн шығармаларында бұлар көсемше мәнінде жұмсалады: ДВ: *Арымлығ көру армады (Азғындық көріп азбады);*

Йігітлеріг ішлету, Құлан кәйік аулату, йызғач йеміш ыргату (Батырларын баптап, Құлан аңды аулап, ағаш жеміс самсатып); ҚБ: Ажұнда сынайу йетілміш йашы (Дүниеде сыналып жасы жетіліпті); Ерентір күчиг бірле санчу йорыр (ер кісілер күшімен шанышып жүреді) тб. (Dilbas, 2017: 4) осы дәуірде етістік түбір мен -ұ, -ү көсемшелерінің кірігіп, жымдасуы нәтижесінде *ашну* (алдымен), *бүтрү* (барлығы), *көрү* (қарағанда), *йашру* (жасырын), *йетру* (жақсылап), *толү* (әрдайым) секілді үстеу сөздер қалыптасқанын айтады. Сондай-ақ осы дәуір тілін арнайы зерттеген Х. Нигматов қараханиттер дәуірінде -а, -е және -ұ, -ү көсемшелері арасында мағыналық алшақтық жойылғандығын жазады (Нигматов, 1989: 143). Жалпы бұл қосымшалар арасында қараханиттерден бұрын да, кейін де мағыналық айырмашылық болмаған сияқты. Бұны жоғарыда көне түркі тіліне байланысты берілген мысалдардан да көруге болады.

-ұ, -ү көсемше жұрнақтары кейінгі Хорезм, Алтын орда және шағатай дәуірінде жазылған ескерткіштерде де -а, -е жұрнақтарымен бірге сирек ұшырасады. Мағыналық жақтан айтарлықтай айырмашылықтар болмағанымен, қолданылу жиілігі жағынан әлсірей бастағанын көреміз. Ә. Нәжіп орта ғасыр Хорезм және Алтын орда дәуірінде жазылған шығармалар тілін салыстыра отырып (Нәжіп, 1979: 133-134), -ұ, -ү жұрнақтары XIV-XV ғасырлардың өзінде-ақ диалектілік сипатқа ие бола бастағанын айтса, М. Оразов -ұ, -ү формалы көсемшелер тілдің кейінгі даму сатысында -а, -е формалы көсемшелерге өз орнын беріп, қолданыстан шыға бастағанын айтады (Оразов, 2001: 206). Демек, көне түркі және қараханиттер дәуірінде -а, -е формалы көсемшелерімен жарыса қолданылған -ұ, -ү жұрнақтарының әлсіреп, қолданыстан шыға бастауы орта түркі тілі дәуірінен бастау алғанын көруге болады.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде де -ұ, -ү көсемше формалары етістіктерге жалғанып, негізгі етістік білдіретін іс-әрекетпен бір уақытта, қатар жасалған іс-әрекетті білдіреді. Алайда біз қарастырып отырған 5 ескерткіштің тек үшеуінде ғана -ұ, -ү көсемше жұрнақтарын кездестіре алдық. Бұлардың ішінде «Мүниетүл Гүзатта» 1 жерде ғана қолданылған: *аны бір тариқада көрсең аны өзге тариқаға чықару көргіл* (58a, 5) (*Оны бір жолда көрсең оны өзге жолға шығарып көр*). «Кітаб фил-Фикһ би-Лисанит-Түркиде» 1 ғана де- етістігіне ғана (дейу) жалғанған: *О дауы олынған кіші сенүңдүр дейу иқрар едмесе* (3a, 5) (*Ол дауласушы кісі «сенікі» деп растамаса*); *қады һүкм ідсе ахчасыны віргіл дейу* (3b, 25) (*Қазы ақшасын бер деп үкім етсе*) т.б. Дегенмен бұл «дейу» көсемшесі ескерткіште өте жиі ұшырасады. «Кітаб әл-Әфғалда» біршама актив қолданылған деуге болады. *түн кечүрді фұлан іш қылү* (19a, 9) (*түнді пәлендей іс қылып өткізді*); *чөмелү құтрды ит* (126b, 5) (*шөгіп құтырды ит*); *Күуенү йүріді тоны ічінде* (42a, 4) (*Киімінің ішінде сеніп жүрді*) т.б. Сондай-ақ КӘ-де негізгі етістік пен көмекші етістіктің арасын дәнекерлеу арқылы күрделі етістік те жасаған: *Аңарү бірү йүріді* (20b, 3) (*Оған беріп жүрді*); *саңа фұлан ішні қылсаң ұрү йазды Зәйд* (172b, 9) (*Зәйд пәлен істі қылсаң ұра жаздайды*) т.б. Ал қалған екі ескерткіште, яғни КМ мен КФ-де мүлдем кездеспейді. Осы ескерткіштер тілінде кездесетін -ұ, -ү көсемше жұрнақтарының етістік түбірге жалғану тәртібі мен жүйесін анықтау мүмкін емес. Себебі жүйелеп шығатындай ешқайсысында актив қолданыс таппаған. Тіпті жұрнақтың дауысты дыбысқа аяқталған етістіктерге жалғанғанын да кездестіре алмадық.

Енді осы айтылғандарды түйіндер болсақ -ұ, -ү көсемше жұрнақтары түркі тілінің ешбір дәуірінде актив жұрнақтар қатарында болмаған. Көне түркі тілінде біршама актив қолданылғанымен, көп жағдайда -а, -е формаларының көлеңкесінде қалып отырған. Тіпті XIV-XV ғасырлардан кейін қолданысы азайып, бірте-бірте қолданыстан шығып қалған. Әрине оның -а, -е формаларының актив қолданылуы, бұл форманы ығыстырып шыққанға ұқсайды. Алғашқы дәуірлерде -а, -е жұрнақтарымен жарыса қолданылған -ұ, -ү формалары кейінгі дәуір ескерткіштері тілінде тек -йұ, -йү формасында тек дауысты дыбыстарға аяқталған етістіктерге жалғанатын -а, -е формасының бір фонетикалық варианты күйіне жеткен. Уақыт өте келе жұрнақтың негізі саналатын -ұ, -ү дыбыстары элизияға ұшырап, жұрнақтың мағынасы екі дауысты дыбыс арасын ажыратып тұратын й сына дыбысына жылысқан. Мұндай құбылысты түркі тілдерін тарихи тұрғыдан қарастырған кезде көптеп кездестіруге болады. Нәтижесінде қазіргі күні қазақ тіліндегідей -а, -е, -й көсемше формалары қалыптасты. Демек қазіргі қазақ тіліндегі -а, -е, -й көсемше жұрнақтарының түп негізі екі түрлі жұрнақтан бастау алатынын көреміз.

Жоғарыда да айтып өткеніміздей кей зерттеушілер *-а*, *-е* жұрнақтары мен *-ұ*, *-ү* жұрнақтарын тек тұлғасы жағынан ғана емес мағыналық жақтан да бөлек жұрнақтар деп қараса, кей зерттеушілер мағыналары ұқсас синонимдес жұрнақтар деп қарайды. Енді бір зерттеушілер бір жұрнақтың түрлі фонетикалық варианттары деп жүйелеп шығуға тырысқан. Жұрнақтардың тарихи түркі жазба тілдеріндегі жай-күйін салыстыру барысында *-ұ*, *-ү* және *-а*, *-е* формаларының синоним жұрнақтарға қарағанда әлдеқайда жақын екенін, дегенмен де бір жұрнақтың фонетикалық варианттары дейтіндей де бірдей емес екенін аңғардық. Біздіңше бұл формалардың арасындағы негізгі айырмашылық диалектілік негізінде жатқан сияқты. Бір жұрнақтың екі түрлі түркі тілі диалектісіне тән формалары секілді. Түркі жазба әдеби тілінің қай дәуірін алып қарасаң да оғыз, қыпшақ, қарлұқ секілді тайпа тілдерінің элементтері араласып жүретіні белгілі. Демек, *-ұ* мен *-ү* бір-бірінің, *-а* мен *-е* бір-бірінің фонетикалық варианттары болса, *-ұ*, *-ү* және *-а*, *-е* диалектілік варианттар болып табылады. Бұлардың түбірге жалғануында сөздің сыртқы формасы емес, ішкі лексикалық мағынасы әсер ететін сияқты. *-ұ*, *-ү* формалары сөздің белгілі бір тобына, *-а*, *-е* белгілі бір тобына жалғанатынға ұқсайды. Бұған бір сөйлемнің ішінде, сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне екі форманың да қатар қолданылуы осының дәлелі деуге болады.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тіліндегі *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* көсемше жұрнақтарын саралай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Түркі жазба әдеби тілі тарихында *-а*, *-е* көсемше жұрнақтарының ең белсенді қолданылған дәуірі – шағатай тілі дәуірі. Тіптен бұл дәуірде жұрнақтың дауысты дыбыстардан кейін жалғанатын *-й* варианты да пайда болған.

2. Көсемшенің *-й* варианты дауысты дыбыстан кейін жалғанатын *-йұ*, *-йү* вариантының ықшамдалуынан келіп шыққан. Бастапқыда *й* екі дауыстыны дәнекерлеуші сына дыбыс болған да, *-ұ*, *-ү* дыбыстарының элизияға ұшырауы салдарынан көсемше қызметі көмекші дыбысқа жылысқан.

3. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *-а*, *-е* жұрнақтарының қолдану жиілігі бір деңгейде емес. *МГ* және *КӘ*-де біршама қолданылса, *КФТ*-де *-ұ*, *-ү* варианты қолданылған. Ал қалған ескерткіштерде ол мүлдем кездеспейді.

4. Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-а*, *-е* жұрнақтары 6 түрлі мәнде жұмсалған. Бұлардың ішінде ең белсенді қолданылғаны – баяндауыш қызметіндегі етістіктің білдіретін амал-әрекетпен бір мезгілде орындалған әрекетті көрсету мәні болса, ең пассиві – ауыспалы осы шақ қызметіндегі мәні.

5. Кей зерттеушілер *-а*, *-е* және *-ұ*, *-ү* жұрнақтарын бір жұрнақтың фонетикалық варианттары десе, кейбірі синонимдес жұрнақтар деп қарайды. Алайда бұл формалар синонимдес жұрнақтардан әлдеқайда жақын, алайда бір жұрнақтың фонетикалық варианттары дейтіндей де бірдей емес. Бұлар бір жұрнақтың екі түрлі диалектіге тиесілі варианттары. Яғни диалектілік варианттар болып табылады.

6. *-ұ*, *-ү* формалары түркі тілінің тарихи дәуірлерінің ешқайсысында актив қолданылмаған. Көп жағдайда *-а*, *-е* формаларының көлеңкесінде қалып отырған. XIV-XV ғасырларда бірте-бірте азайып, кейін мүлдем қолданыстан шығып қалған.

Қорытынды

Қорыта келгенде *-а*, *-е* көсемше жұрнақтарының тарихы терең, қолданыс ауқымы кең болғанын, қазіргідей өте жиі қолданылмаса да, қай дәуірде болмасын актив-пассив жұмсалғанын көреміз. Ал *-ұ*, *-ү* формалары болса орта ғасырларда қолданыс ауқымы тарылып, қолданыстан шығып қалған. Дегенмен қазіргі қазақ және өзге де түркі тілдеріндегі дауыстыға аяқталған етістіктерге жалғанатын *й* формасы осы форманың қалдығы екеніне, өзі болмаса да ізі қалғанына көз жеткіздік деуге болады. Бұл құбылыс шағатай жазба әдеби тілі дәуірінде орын алғанға ұқсайды. Мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-а*, *-е* жұрнақтарының 6 түрлі мәні де қазіргі түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де айтарлықтай жат емес. Тіліміздегі бұл жұрнақтың өте актив қолданылуының және өте көп мәндерде жұмсалыуының қайнар көзі, бастауы осы ескерткіштер тілі екені даусыз. Сонымен қатар орта түркі дәуірінде, яғни XIII-XIX ғасырларда қалыптасқан қай түркі жазба әдеби тілін алып қарасақ да, қазақ тілінің, қазақ халқының алар үлесі мол

екеніне, сол тілдердің тарихи жалғасы екеніне әбден көз жеткізуге болады. Дегенмен сол дәуірден осы күнге келіп жеткен жәдігерліктердің барлығын дерлік ғылыми айналымға енгізіп, қазіргі тіліміздің дамуы мен қалыптасуындағы орны мен ролін айшықтадық дей алмаймыз. Сондықтан да бұл салада атқарылған жұмыстардан гөрі атқарылар істердің әлі де ауқымды екенін бір сәт те ойдан шығармаған абзал.

Әдебиеттер

- Ахметов М.А. Глагол в языке орхон-енисейских памятников. – Саратов, 1978. – 131 б.
- Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва.-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1948. – 276 с.
- Мелиоранский, П.М. Памятник в честь Кюл-Тегина. – Санкт-Петербург (СПб.): Императорская Академия Наук, 1899. – 144 с.
- Наджиб Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. I. – Москва: Наука, 1979. – 479 с.
- Нигматов Х.Г. Функциональная морфология тюрко-язычных памятников XI-XII вв. – Ташкент: Фан, 1989. – 190 с.
- Оразов М. Етістік. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 384 б.
- Садықбеков Қ. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі. – Алматы: Таңбалы, 2016. – 412 б.
- Садықбеков Қ.А. Көне түркі тілі. – Алматы, 2024.
- Юлдашев А.А. Соотношение деепричастных и личных форм глагола в тюркских языках. – Москва: Наука, 1977. – 270 с.
- Ağar Mehmet, Emin. Kitab Fi'l-Fıkh Bi-Lisani't-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük). Yayımlanmamış Doktora Tezi. Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. İstanbul, 1989. 1136 s.
- Balcı Onur. Kazak Türkçesinde -a,-e,-y zarf fiil eki ve işlevleri. // Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Volume 7/2 Spring. Ankara, 2012. P. 183-192.
- Dilbas, Ebru. Türk Dilinde Zarf Fiil Ekleri. // [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <http://www.academia.edu/> (қаралған күні: 18.07.2025).
- Eminoğlu, Emin. Abbas İbn Hamza es-Sabrani Kitabü'l Ef'al. Akçağ yayınları. Ankara: Akçağ Yayınları, 2011. 496 s.
- Kuanişbayev, Ercan. Kitab fi'l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). Yayımlanmamış Doktora Tezi, İstanbul: Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü. İstanbul, 2006. 222 s.
- Uğurlu, Mustafa. Munyetu'l Guzzat. Metin-İndeks. Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Gazi Üniversitesi. Ankara, 1984. 299 s.

References

- Ağar Mehmet, Emin (1989) Kitab Fi'l-Fıkh Bi-Lisani't-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük). Yayımlanmamış Doktora Tezi. Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. İstanbul, 1136 s. (in Turkish)
- Ahmetov, M.A. (1978) Glagol v jazyke Orhon-Ensejskih pamjatnikov. [Akhmetov, M.A. (1978) Verb in the Language of the Orkhon-Ensei Monuments. Saratov, 131 p.] (in Russian)
- Balcı, Onur (2012) Kazak Türkçesinde -a,-e,-y zarf fiil eki ve işlevleri. Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 7/2 Spring. Ankara. P. 183-192. (in Turkish)
- Dilbas, Ebru (2017) Türk Dilinde Zarf Fiil Ekleri. [Electronic resource]. Available: <http://www.academia.edu/> (review date: 18.07.2025). (in Turkish)
- Dmitriev, N.K. (1948) Grammatika bashkirskogo jazyka. Moskva.-Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 276 s. [Dmitriyev, N.K. (1948) Grammar of the Bashkir Language. Moscow-Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 276 p.] (in Russian)
- Eminoğlu, Emin (2011) Abbas İbn Hamza es-Sabrani Kitabü'l Ef'al. Ankara: Akçağ yayınları, 496 s. (in Turkish)
- Juldashev, A.A. (1977) Sootnoshenie deeprichastnyh i lichnyh form glagola v tjurkskih jazykah. Moskva: Nauka, 270 s. [Yuldashev, A.A. (1977) Correlation of Participial and Personal Forms of the Verb in the Turkic Languages. Moskva: Nauka, 270 p.] (in Russian)
- Kuanişbayev, E. (2006) Kitab fi'l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). Yayımlanmamış Doktora Tezi, İstanbul: Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü. İstanbul, 222 s. (in Turkish)
- Melioranskij, P.M. (1899) Pamjatnik v chest' Kjul-Tegina [Melioransky, P.M. (1899) Monument in Honor of Kul-Tegin. St. Petersburg (SPb.): Imperial Academy of Sciences, 144 p.] (in Russian)
- Nadzhip, Je.N. (1979) Istoriko-sravnitel'nyj slovar' tjurkskih jazykov XIV v. Moskva: Nauka, 479 s. [Najip, E.N. (1979) Historical and Comparative Dictionary of the Turkic Languages of the XIV Century. Moskva: Nauka, 479 p.] (in Russian)
- Nigmatov, H.G. (1989) Funkcional'naja morfologija tjurkojazychnyh pamjatnikov XI-XII vv. Tashkent: Fan, 190 s. [Nigmatov, H.G. (1989) Functional Morphology of Turkic-Language Monuments of the 11th-12th Centuries. Tashkent: Fan,

190 p.] (in Russian)

Orazov, M. (2001) Etistik. Almaty: Y. Altynsarin atyndagy Qazaqtyng bilim akademjasynyng Respublikalyq baspa kabineti, 384 b. [Orazov, M. (2001) Verb. Almaty: Republican Publ. house of the Kazakh Academy of education named after I. Altynsarin, 384 p.] (in Kazakh)

Sadyqbekov, Q.A. (2016) «Kitab Muqaddima Abu Lajs as-Samarqandi» eskertkishi zhane onyng tili. Almaty: Tangbaly, 412 b. [Sadyqbekov, K. (2016) Monument “Kitab Muqaddima Abu Lays Al-Samarkand” and its Language. Almaty: Tanbaly, 412 p.] (in Kazakh)

Sadyqbekov, Q.A. (2024) Kone turki tili. Almaty. [Sadyqbekov, K.A. (2024) Old Turkic Language. Almaty: Lantar Books.] (in Kazakh)

Uğurlu, Mustafa (1984) Munyetu’l Guzzat. Metin-İndeks. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Gazi Üniversitesi: Ankara, 299 s. (in Turkish)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Садықбеков Қ., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

